



PHILOLOGICAL FIELD/ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ/  
ФИЛОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

*Turkic languages/ Түркі тілдері/ Тюркские языки*

«Хұсрау уа Шырын» материалы негізіндегі орта ғасырлық сөздіктің тарихи-лексикографиялық құндылығы<sup>1</sup>

М. Малбақұлы<sup>a</sup>, \*А. Сейтбекова<sup>b</sup>

<sup>a</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан Республикасы  
(E-mail: [myrzabergen@mail.ru](mailto:myrzabergen@mail.ru))

<sup>b</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан Республикасы.  
(E-mail: [ainurseit@mail.ru](mailto:ainurseit@mail.ru)). \*Байланыс үшін автор: [ainurseit@mail.ru](mailto:ainurseit@mail.ru).

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

**Кілт сөздер:**

түркі  
лексикографиясы,  
қазақ  
лексикографиясы,  
тарихи-  
салыстырмалы  
сөздік, диахронды  
зерттеу, синхронды  
зерттеу, жазба  
ескерткіш, лексика.

XFTAP 16.21.65

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-174-191>

Мақалада XIV ғасырға тиесілі Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» материалы негізінде 1979 жылы белгілі кеңес түркологы Ә.Нәжіп тарапынан жазылған «Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігі» талданады. Ғалымның атап өтуі бойынша, сөздіктің жазылуына Алтын орда дәуірінің өзге де қыпшақ ескерткіштері – Хорезмидің «Нахдж әл-Фарадис» және «Мұхаббат-наме» материалдары да пайдаланылған. Айтылған ақпараттың дәлдігі тұрғысында мақалада «Нахдж әл-Фарадис» еңбегінен фрагменттер келтіріледі. Мақала авторлары Ә.Нәжіпті көне шығыс білгірі ретінде тани отырып, терең тарихи-мәдени білімін, ғылыми-практикалық тәжірибесінің молдығын, түпнұсқадан ескерткіш мәтіндерін оқудағы қабілетін, иран және түркі тілдерін меңгергендігін атап өтеді. Авторлардың пікірінше, шығыс қолжазбаларының мол қорына қол жеткізу, дәл осы қолжазбаларды зерттеу бағытындағы күнделікті тынымсыз еңбек ғалымның мүмкіндіктерін аша түсті және тарихи тұрғыда ареалды мәдени және тілдік байланысты ашып көрсететін бірегей тарихи-салыстырмалы оғыз-қыпшақ сөздігінің жасалуына жол ашты. Ә.Нәжіп салыстырмалы-тарихи әдісті пайдалана отырып, түркі тілдерінің ортақ лексика-грамматикалық бірліктерін анықтап, ескі қыпшақ пен қазіргі қыпшақ тілдерінің (қазақ, қарақалпақ, ноғай және т.б.) ортақтығын ашып көрсетті. Осы тұрғыда сөздікте антропонимдер, этнонимдер, топонимдер, өзге тақырыптық топтар, сондай-ақ олардың сөз формалары, сөз тіркестері мен туынды сөздер қамтылған. Сондай-ақ лексемалардың семантикалық талдауы мен олардың мағыналық топтарға жіктелуінің маңызы зор.

Мақала авторларының пайымдауынша, «Хұсрау уа Шырын» ескерткіші негізінде жасалған түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігі түркі, қыпшақ тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихи лексикографиясын жан-жақты ашып көрсетеді.

Received 04 January 2024. Revised 20 April 2024. Accepted 26 May 2024. Available online 30 June 2024.



**Дәйексөз үшін:** М. Малбақұлы, А. Сейтбекова «Хұсрау уа Шырын» материалы негізіндегі орта ғасырлық сөздіктің тарихи-лексикографиялық құндылығы // Turkic Studies Journal. – 2024. – Т. 6. – № 2. – 174-191 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-174-191>

**For citation:** M. Malbakuly, A. Seitbekova On the historical-lexicographic value of the medieval dictionary within the context of «Khosrow ua Shirin» // Turkic Studies Journal. – 2024. – Vol. 6. – No 2. – P. 174-191. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-174-191>

<sup>1</sup> Зерттеу материалы AP14869737 «Алтын орда дәуірі жазба ескерткіштері тілін лексикографиялаудың теориясы мен практикасы» атты гранттық жоба аясында әзірленді

## Кіріспе

Тіл-тілдегі тарихи сөздік қор құрамына толық сипаттама жасау – заманауи тілтанымдағы өзекті мәселелердің бірінен саналады. Бұл жерде, әрине, бірде-бір этникалық топтың, ұлттың төл тектік тарихы мен тұтынатын тілі үнемі бір қалыпта, тел ағыста аға бермейтіндігін назардан тыс қалдырмауымыз керек. Кейбір тарихи жағдаяттарда арғы тегі жағынан туыстас тілдерді тұтынатын елдердің бір конфедерация құрамында болып, осы жағдайға байланысты туыстас қостілділік құбылысы орын алуы ғажап емес. Ал егер ру, тайпа, халық мүлде өзге құрылымды тілді тұтынатын халықтың мемлекетіне енген жағдайында, туыс емес қостілділік орын алады. Ал кейбір жағдайларда, бұрын бір тілде сөйлейтін ұлттың енді өзге тілді мемлекеттің құрамына еніп, басқа бір тілді қабылдауы да белгілі құбылыс. Оның бергі жағында көршілік қарым-қатынастың, алыс-жақын елдердің экономикалық, мәдени, діни әсерінің нәтижесінде ұғымның, түсініктің, атаудың алмасуы болып жатады. Осы тұрғыдан алып қарастырған кезде, таза бір ғана этникалық негізден құралған саф таза ұлттың да, өзімен өзі дамыған, басқа тілдің әсеріне ұшырамаған тілдің де болмайтындығы айдан анық нәрсе (Малбақұлы, 2015).

## Материалдар және зерттеу әдістері

Негізгі зерттеу материалдары ретінде Э.Н.Нәжіптің төрт томдық «Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века» (Наджип, 1979) және «Тюркоязычный памятник XIV-го века «Нахдж ал-Фарадис» и его язык» атты еңбектері (Наджип, 2012), сондай-ақ қосалқы салыстырма материал ретінде өзге де ортағасырлық түркі ескерткіштері алынды. Тарихи ескерткіштердің құндылығын, ғылым үшін маңыздылық деңгейін айқындау үшін тарихи-лексикографиялық зерттеме жасау қажет болмақ. Мақала осы аталған мақсатқа жету үшін жазылып отыр. Ғылыми-практикалық тұрғыдан зерттеу барысында сөздерді семантикалық топтарға бөлу, құрылымдық жақтан жүйелеу, сипаттама жасау, семантикалық тұрғыдан топтастыру, синхрондық және диахрондық талдау, өзара салғастыру әдістері қолданылады.

## Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Белгілі түркітанушы А.Зайончковский түркі халықтарының тілдеріне жіктеме жасау ісін үндіеуропалық диахрониялық грамматика ұғымдарына сәйкестендіруді, *көне түркі тілі*, *орта түркі тілі* кезеңдерін үндіеуропалық хронология бойынша дәуірлеуді сынға алады. Автор: «Шындығында, көне түркі тілі мен орта түркі тілінің қандай кезеңдерді қамтитындығын әлі толық анықтап болғанымыз жоқ. Себебі ескі түркі тілі туралы айту үшін, мәселен, осы тілдің «мұз дәуірі» кезеңіндегі жай-күйін білу қажет», – деген ой айтады (Зайончковский, 1967: 11). Демек ғалым түркі тілдерінің

өте көне тілдер қатарына жататындығын айтып отыр. Шумер және түркі тілдерінің ежелгі байланыстары мәселесімен 1940-жылдардан бері айналысып келе жатқан, Вашингтон, Пенсильвания университеттерінде жұмыс жасаған зерттеуші, шумер-түркі мәселесі бойынша талай халықаралық жиындарда, осы сала бойынша ең беделді ғалымдардан жинақталған ғылыми орталарда баяндама жасаған танымал тілші-ғалым Осман Недим Туна ескі шумер тіліндегі мәтіндердегі түрік тілінен енген кірме сөздер құрамын (168 сөз) анықтай отырып, түркілердің біздің заманымыздан бұрынғы 3500 жыл көлемінде (ескі шумер жазбалары заманында), яғни қазіргі кезеңнен 5500 жыл бұрынғы кезде қазіргі Түркияның шығысында тұрғандығын, сол кездің өзінде түркі тілінде өзара ерекшеленетін екі топтың (шығыс түркі, батыс түркі) болғандығын дәлелдеген еді. Ғалымның әлем тілдерінің даму заңдылықтарын ескере отырып түзген глоттохронологиясы бойынша, ешқандай диалектіге бөлінбейтін «алғашқы түрікше» немесе «ана түрікше» тілдің жалпы жасы бұдан екі есе әріге кетеді. Яғни шамамен он бір мың жылды құрайды (Туна, 1989). Аталған жайттарды ескерер болсақ, түркі тілдер тобының қолданым уақытының біз білетін *көне түркі жазбалары* заманынан әлдеқайда ұзаққа баратынын байқауға болады...

Қазіргі таңда қазақ тілінің тарихына қатысты қыпшақ тілді жазба ескерткіштердің көп екендігі айқындалып отыр. Олардың ішінде, ең алдымен, бүкіл түркі әлеміне ортақ мұралар болып отырған «Хұсрау-Шырын», «Мұхаббатнаме», «Гүлстан» тәрізді әдеби туындыларды атау керек. Аталмыш мұралардың қазіргі қазақ тіліне қатысын зерттеген ғалымдар оларды бүгінгі тіліміз бен көне түркі тілі арасына салынған алтын көпір ретінде таниды. Ескі қыпшақ тілінің қазіргі қазақ тілімен тарихи сабақтастығы мәселесі отандық ғалымдардың (Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Ибатов, Т.Арынов, Ә.Керімов, М.Сабыр т.б.) жекелеген еңбектерінде көтеріліп келеді. Мәселен, М.Сабыр XIV ғ. жазба ескерткіштері (Құтыптың «Хұсрау-Шырын», Сеиф Сарайидің «Гүлстан», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Махмұд бин-Алидің «Нахдж әл-Фарадис» еңбегі) лексикасын кешенді тілдік тұрғыдан зерттейді. Автор аталған туындылардың тілін *орта түркі тілі* әрі *көне қыпшақ тілі* ретінде бағалай отырып, өз еңбегінде орта түркі лексикасы мен қазіргі қазақ тілі лексикасының сабақтастығын дәлелдейді (Сабыр, 1989). Ғалым өз еңбегінде дереккөз ретінде алынып отырған мұралардың тілі қазіргі қазақ әдеби тілінің бастауы болып саналатындығын дәйектейді.

Профессор Ә.Нәжіп арғы бастауы XI ғасырдағы қарлұқ-ұйғыр әдеби тілі дәстүріне барып тірелетін д-з-з-тобына кіретін бір әдеби дәстүрде – оғыз-қыпшақ әдеби дәстүрінде, бір жерде жазылған тарихи жәдігерліктер қатарында Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» дастанын, «Ортаазиялық тәпсір» еңбегін және Махмұт бин Али ас-Сараи Кердеридің «Нахдж ал-Фарадис» еңбегін атайды. Бұл жерде ескерту жасамаса болмайды. Оғыз-қыпшақ әдеби дәстүрін толығымен XI ғасырдағы қарлұқ-ұйғыр әдеби тілі дәстүріне барып тіреледі деп біржақты қорытынды жасауға болмайды. Себебі біріншіден, бабатүркі тілінің, соның ішінде оғыз тілдері тобының – әуел бастан д-тілдер тобына кіретіндігі (дингир) және көне шумер тілімен қарым-қатынаста болғандығы туралы ғалымдардың айғақты

дәлелдері бар. Екіншіден, алғашқы баба тілдің оғыз, қыпшақ, қарлұқ тілдері тобына бөлінуі – біздің заманымыздан бұрынғы бірнеше мыңжылдықтарға кететін құбылыс. Ол туралы жоғарыда сөз болған профессор О.Н. Туна айтқан еді. Үшіншіден, оғыз, қыпшақ тілдері бойынша біздің заманымызға жетпеген жазба ескерткіштердің болу мүмкіндігін ешкім жоққа шығара алмайды. Жазба әдеби тіл нұсқаларының сақталу/сақталмауы тарихи жағдаяттарға байланысты. Бұл жерде ескеретін және бір жағдай - жазба әдеби тілдің нақты ескерткіштерінің болу-болмауы – ол тіл тобында (оғыз тілдері тобында) жалпытайпалық әдеби тіл болмады деген сөз емес. Әдеби тілдің жазба әдеби тіл және ауызекі әдеби тіл деген түрлерінің барлығы және ауызекі әдеби дәстүрдің жазба әдеби дәстүрден ешқандай кемістігі болмайтындығын Э.Тенишев бастаған түркітанушылар жан-жақты дәлелдеген болатын. Айтулы «Оғызнама» дастанының бастаулары біздің заманымыздан арғы мыңжылдықтарға, бағзы заманға кетеді. Тарих толқынында батып кетпейтін, өлмейтін, өшпейтін халықтың ірі тарихи-мифологиялық туындысы. Ал түркі тілдеріндегі оғыз және қыпшақ тілдер тобының анағұрлым бұрынырақ пайда болғандығы дәлелденген жағдай. Солардың негізінде кейінірек қарлұқ тілдер тобы қалыптасқан. Демек қарлұқ-ұйғыр жазба әдеби тіл дәстүрін жалпытүркілік арғы бастау ретінде қабылдау теориялық тұрғыдан қате пайым болмақ.

Түркі тілдерінде оғыз және қыпшақ тілдер тобы анағұрлым бұрынырақ пайда болған. Солардың негізінде кейінірек қарлұқ тілдер тобы қалыптасқан. Бұл – әлемдік түркітанымда бұлтартқысыз мойындалған жағдай. Үшіншіден, академик А.Зайончковский ортағасырлық түркі жазба тілінің табиғаты туралы ақырғы тұжырымды қорытындыны қараханидтік, алтынордалық, шағатайлық, мысырлық, ескі османтүркілік ескерткіштер тілін салыстыра, салғастыра отырып зерттеу нәтижесінде ғана жасауға болады деген пікір айтқан болатын. Бұл – өте маңызды пікір. Ортағасырлық жазба мұралар тілін өзара салыстыра отырып, орта түркі жазба тіліне тән заңдылықтарды анықтау, ареалдық қолданыстағы жазба тілдердің ерекшеліктерін ашудың қажеттілігі айқын білініп отыр.

Ә. Нәжіп зерттеуінің негізіне бір ғана ескерткіштің, Құтбтың «Хосрау мен Шырынының», XIV ғасырдың ортасында Алтын Орда жерінде, Хорезмидің «Мухаббатнаме» еңбегімен бір мезгілде жасалған ескерткіштің лексикасы алынды. «Осы ескерткіштің лексикасын салыстырмалы-тарихи түрде зерттеу ісі бізді осы еңбектердің нәтижелерін XIV ғасырдағы оғыз-қыпшақ әдеби тілінің салыстырмалы-тарихи сөздігі түрінде түзудің қажеттігіне әкелді», – деп жазды ғалым (Наджип, 1979: 6).

Ә. Нәжіптің: «Ортағасырлық түркі ескерткіштерінің басым көпшілігі – қазақ жерінде дүниеге келді. Сол себепті де, қазақтар олардың мұрагерлері болып табылады», - деген пікіріне қосыла отырып, сонымен бірге, аталмыш ескерткіштер тіліндегі сөздердің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымын зерттей түсудің қажеттігін, сол арқылы қазіргі қазақ тілі лексикасы мен грамматикасына үндес жағдаяттарды айқындау қажет болмақ. Мұндай зерттемелердің бастамы жетерлік. Мәселен, «Ат-тухфа» ескерткішін зерттеуші отандық түркітанушы ғалым Т. Арынов аталмыш

ескерткіш лексикасының 80 пайызы қазіргі қазақ тіліне сәйкес келеді деген жұжырым жасайды. Э.Р. Тенишев болса, өзінің «Место кипчакского (половецкого, куманского) и печенежского языков среди современных тюркских языков» атты мақаласында (Тенишев, 1970) қыпшақ тілінің жіктелу, септелу тұлғаларын талдай отырып, бірқатар етістіктердің ашық, бұйрық, қалау және шартты райдағы қолданыс ерекшеліктерін зерттейді. Қорыта келе, қыпшақ ескерткіштері тілінің басқа қыпшақ тілдерімен салыстырғанда, қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріне анағұрлым жақын екендігін айтады. Қыпшақ тілі ескерткіштерінің көне қазақ тілінің тарихы бойынша аса маңызды дереккөздеріне жататындығын дәлелдейді. Аталған ескерткіштер тілін зерттеу ісінің қазіргі қазақ тілі тарихын жазуда қажетті шарт болып табылатындығын жазады.

Қандай да бір ескерткіш тілін зерттеуде, мейлі ол ортағасырлық дәуірге жататын жәдігерлік болса да, жоғарыда сөз болған мәселелерді басшылыққа, басты назарға алмасқа болмайды. Міне, осы жағдаяттарды ескерген жағдайда ғана ұлттық тілтанымның даму бағдары жөндемді болмақшы.

Профессор Ә.Н. Нәжіптің пікірі бойынша, Құтыбтың «Хұсрау уа Шырын» поэмасын алғаш рет толық зерттеп шыққан ғалым поляк шығыстанушысы әрі түркітанушысы А.Зайончковский болды (Наджип, 1979: 31). Алғаш рет 1954 жылы шағын зерттеу жүргізуден бастаған ғалым (Zajaczkowski, 1954) 1958 жылы поэманың екі бөліктен тұратын транскрипциясы мен факсимилесін (Zajaczkowski, 1958) ал 1961 жылы поэма лексикасының түркіше бөлігінің толық сөздігін жария етеді (Zajaczkowski, 1961). А.Зайончковский жариялаған сөздікте бар болғаны бір мың тоғыз жүз елу сөз қамтылған екен. Ғалым атау сөз ретінде тек қана таза түркі сөздерін алған. Ғалымның әр сөзге қатысты тиесілі мысалдарымен көркемделген сөздігі негізінен латын графикасында жазылған.

Профессор Ә. Ибатовтың Алматыда 1974 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Құтбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі» атты ғылыми еңбегі зерттеліп отырған ғылыми тақырып аясында кеңес дәуіріндегі отандық түркітанушы тілші ғалымдар арасындағы жарияланған алғашқы сапалы туындылардың бірінен саналады. Автордың жазуы бойынша, сөздікте 50 мыңнан астам карточкадан құралған сөздік бірліктер әліпбилік тәртіппен берілген. Ал атау сөздердің жалпы саны – 4400-ден астам. Еңбектің лексикографиялануында автор А.С. Пушкин, Т.Г. Шевченко, Абай тілінің сөздіктерінің құрылымын үлгі-өнеге ретінде басшылыққа алған (Ибатов, 1974: 2). Еңбектің аннотациясында жазылғандай, ғалым сөздікке енген әрбір жеке сөздердің мағыналық жағына түсінік берумен ғана шектеліп қоймай, ол сөздердің поэма құрамында неше рет қолданылғанын және қандай грамматикалық тұлғаларда қолданылғанын да толық көрсеткен. Сөйтіп, «Хусрау уа Шірін» поэмасының тек қана лексикасы емес, сонымен бірге оның грамматикасы жайында да, сөз жиілігінің статистикасы жөнінде де барынша толық мәлімет берген. Сөздіктегі дербес сөздердің әр алуан ауыс мағыналарымен қатар, автор олардың фразалық тіркестегі беретін сан түрлі идиомалық мағыналарының да сырын ашып, ретті түрде жүйеге келтіріп, сөздіктің соңына тіркеген (Ибатов, 1974:



2). Еңбектің 20-22 беттерінде сөздіктің құрылымы туралы сөз болады. Автор әрбір сөздік мақаланың мынадай тәртіпке түсірілгенін айтады: «1) атау сөз (заглавное слово, реестр); 2) бас сөздің қай сөз табына қатысты екені жайлы белгі; 3) атау сөздің жиілік саны; 4) атау сөздің мағынасына анықтама; 5) иллюстрациялық мысалдар; 6) атау сөздің грамматикалық формалары (Ибатов, 1974: 20). Осыдан кейін ғалым жоғарыда санамаланған жүйе бойынша әр мәселені тарата айтып, кеңінен түсініктеме береді: «1. Әрбір атау сөз өз формасына лайықты алфавиттік тәртіпке түсіріліп, өз орынорнында берілді. Ол формаларды сөз таптарына қарай іріктеп көрсетсек: зат есімдер – негізгі және туынды түбір формасында; сын есімдер – негізгі және шырай жұрнақты туынды түбір формасында; сан есімдер – негізгі және реттік формада; есімдіктер – негізгі формада; етістіктер – негізгі түбір мен бұйрық райлы, етіс және қимыл атауы формасындағы туынды түбір күйінде; үстеулер – негізгі, туынды формаларында т.б. Атау сөздер құрамында кездесетін әр түрлі варианттар поэманың тексінде қалай транскрипцияланса (А. Зайончковский бойынша), сол күйінде алынды. Ал омоним сөздер атау сөздің шекесіне қойылған араб цифры арқылы ажыратылады. 2. Атау сөздің қай сөз табына қатысты екенін көрсету амалы мына сияқты белгілер арқылы беріледі: *ес* – есімдік, *ет* – етістік, *зат* – зат есім, *к. сөз* – көмекші сөз, *қ. ат* – қимыл атауы, *од* – одағай, *сан* – сан есім, *сын* – сын есім, *үст* – үстеу, *б.сөз* – бейтарап сөз. Таза араб-парсы сөздеріне белгі қойылған жоқ. 3. Атау сөздің жиілік санында сол сөздің поэма контексінде қанша рет қолданылғаны көрсетіледі. Онда бас сөздің негізгі формасынан бастап әр алуан грамматикалық формалардың бәрі де қамтылады. 4. Атау сөздің мағыналық анықтамасы қазақ тілінде түсіндіріледі де, мүмкіндігінше қазіргі қазақ тіліндегі мағынасына жақын етіп анықтау мақсаты көзделеді. 5. Иллюстрациялық мысалдар «Хусрау уа Шірін» поэмасының тексінен алынып, сонымен бірге оның қазақша қазіргі айтылу үлгісі берілді. Нұсқа өлең түрінде жазылғандықтан, кейде қазақша үлгісі еркін аударма ретінде берілген жерлері де кездеседі. 6. Сөздікте қамтылған әр бас мақаланың соңында келтірілген көрсеткіштерде сол мақаладағы атау сөздердің қандай грамматикалық формаларда қолданылғаны түгел көрсетіліп отырады» (Ибатов, 1974: 20-21). Мысалы:

**Адақ<sup>1</sup>** *зат* (46) *аяқ* Башын салды а д а қ алтында ығлап (10в-37) – *жылап, басын аяқ астына салды. А д а қ ы ң н ы үзәнгүлүккә бір бер* (77р-39) – *аяғыңды үзеңгілікке сал. Тутуб әсрүк а д а қ ы м бағладың ош* (44в-30) – *мас кезімде ұстап, аяғымды байладың.*  
◆Адақ-қа, -да, -дын, -ын, -лар, -ым, -ың, -ыңны, -ыңдын, -ы, -ының, -ынға, -ын, -ыны, -ындын.

**Адақ<sup>2</sup>** *зат*. (29) *аяқ* А д а қ кітмәз әлігдін түнлә күндіз (15в-18) – *аяқ түспес қолынан күндіз-түні. А д а қ елгінгә алмыш* (17в-3) – *аяқты қолына алған* (Ибатов, 1974: 27).

Бұл айтылған жайттар ненің көрсеткіші болып табылады? Біріншіден, сөздікте поэмадағы негізгі және туынды сөздер, тұрақты сөз тіркестері, негізгі сөз формалары, барлық кісі аттары мен жер-су атаулары, халық аттары мен ру-тайпа атаулары, арабы-парсы негізді кірме лексика – осының бәрі де түгел қамтылған. Сондықтан тарихи-

лексикографиялық еңбектерге қойылатын ең басты талап орындалған – бұл туынды бастапқы сөздік материалдың қамтылуы тұрғысынан, толық сөздік болып табылады. Екіншіден, ғалымның ұсынып отырған сөздігінде қамтылған әрбір сөздік мақалада сол мақаладағы атау сөздердің лексикалық мән-мағынасы ашылуымен қатар қандай грамматикалық формаларда қолданылғаны түгел көрсетіліп отырады. Демек, бұл туынды таза лексикалық сөздік емес, лексика-грамматикалық сөздік. Үшіншіден, бұл еңбекте атау сөздің барлық тұлғаларындағы қолданым жиілігі қоса беріліп отыр. Демек, бұл шығарма әрі жиілік сөздік болып табылады. Поэма мәтінінен алынған дәйектеме мысалдардың қазіргі қазақша айтылу үлгісі, дастанның өлең түрінде жазылған жолдары еркін аударма жасау жолымен қазақы сипатқа түсірілген. Демек, төртіншіден, бұл еңбекте ішінара аударма сөздік белгілері бар.

Дей тұрғанмен, «Хұсрау-Шырын» поэмасының тілін шын мәніндегі толыққанды салыстырмалы-тарихи деңгейде, тарихи лексикографиялық зерттеу жолымен кешенді түрде қарастырған ғалым – Әмір Нәжіп екендігін толық мойындау қажет. Ғалымның «XIV ғасырдағы түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігі» деп аталатын еңбегі – кеңес одағындағы түркітану ғылымының өскен өресін, жеткен жетістігін паш ететін ғылыми туынды. Автор өз еңбегіне қатысты жазылған алғысөзінде бұл сөздіктің төрт томдық еңбек ретінде жоспарланып отырғанын, бірінші кітапқа әліптен басталатын (а-ä, о-ö, у-ү, е-и-ы), екінші кітапқа ب әрпінен س әрпіне дейінгі, үшінші кітапқа س әрпінен ق әрпіне дейінгі, төртінші кітапқа ك әрпінен ل әрпіне дейінгі сөздер алынатынын жазады. Әр кітаптың соңында орыс әріптерімен индекс берілетінін айтады. Осы бірінші кітапты жазу жұмысының бұдан он бес жыл бұрын аяқталғанын, сол себепті, кейінгі жылдары жарық көрген еңбектердің қамтылмай қалғанын ескертеді. Автор әрбір мысалдың құжаттандырылып отырғандығын, бірінші сипырдың Зайончковский шығарған факсимиле басылымының бет нөмірін, ал екінші сипырдың мысал келтірілген жолды көрсететінін жазады (Наджип, 1979: 7). Ғалымның өзі жазғандай, төрт кітапта бар болғаны 2500 сөз қамтылады екен.

### Талдау

Бұл негізінен XIV ғасырдағы Алтын Орда дәуіріндегі Құтыбтың «Хусрау уа Шірін» атты түркітілді ескерткішінің лексикалық материалы негізінде, түркі тілдеріндегі XI-XV ғасырлар аралығында жазылған тарихи сөздіктер мен әдеби жәдігерліктерді салыстырма материалдар ретінде қатыстыра отырып жазылған іргелі түркітанымдық зерттеу болып табылады. Жалпы алғанда, әрбір ғылыми туындының, әсіресе, соның ішінде тарихи-лексикографиялық туындының сапасы оны түзуші ғалымның ежелгі тарихты меңгеру деңгейіне, ескі, көне тілдерді салыстырмалы-тарихи зерде тұрғысынан білу деңгейіне, ескі жазбаларды қаншалықты біліктілікпен оқи алу деңгейіне тікелей байланысты болады. Осы тұрғыдан, ең алдымен, Ә. Нәжіптің ортағасырлық тілдерді білу, меңгеру деңгейі өте жоғары болғандығын айту қажет. Профессор Ә. Нәжіптің

иран тілдері мен түркі тілдерін терең, жан-жақты меңгеруі, сондай-ақ ғалымның ғылыми-практикалық тәжірибесінің молдығы, өзінің аса мол, ұлан байтақ шығыс қолжазбаларының ортасында болуы, сол қолжазбалармен күнделікті, өмір бойы жұмыс жасауы оның өз саласында ерекше білгір, аса мол тәжірибелі, өте кең эрудициялы, теңдесі жоқ түркітанушы болуына жол ашты. Сол себепті де, ғалымның жазған әрбір ғылыми туындысы, жасаған әрбір сөздігі өзінің тарихи-салыстырмалы зерттеу ретіндегі тереңдігімен, жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Ол кісінің ерте орта ғасырдан бастау алатын мың жылдық тарихи-тілдік жәдігерліктер бойынша жинақталған осыншама мол білімі мен білігі, бай тәжірибесі әрбір жазған ғылыми туындысынан айқын білінеді.

Мысалы:

آت I AT / آط AT ‘конь’, ‘лошадь’; آت سوردی (151/6) *сүрди ат* ‘он погнал коня’; (13/5) دولت اطينغا اطلاق خوش دينا *Йана дәвләт атыңға атланып хош* ‘Да еще воссев на коня счастья’.

♦ Тюрк. рун. пам., Алт.-Йар., КБ, МК *ат* ‘лошадь’; монг. *адуу* ‘лошадь’. См. اطلاق ATЛАМАҚ, اطلاق دورماق ATЛАНДУРМАҚ, ATЛАНМАҚ اطلاق اطلاق ATЛАНҒУ اطلاق ATЛЫ (Наджип, 1979, 154-155).

Жоғарыда байқалып отырғандай, әуелі Құтыбтың еңбегінде осы сөзге қатысты басты сөз тіркесі мен сөйлем үлгісінен мысал келтіріп алады. Атау сөзге қатысты салыстырма материалдарды келтіру көне түркі жазбаларынан басталады. Одан кейін «Алтын Йаруқ», «Құтадғу Білік», Махмұт Қашғариден бері тартып, сөздің түркі-моңғол тілдеріне ортақ екендігін көрсете, моңғолша аталуын тізбектейді. Сөздің сөздікте ұшырасатын басты-басты тұлғаларын көрсетеді.

Екінші бір мысалға назар аударсақ (Наджип, 1979: 335-337):

اوغلان OҒЛАН ‘юноша’, ‘мальчик’, ‘ребенок’;

شیرین بیرلا نیجا قیز بیرکا ایردی  
 کیم انلار عقلی یوق اوغلان لار ایردی (4/54)  
*Ширин бирлә нечә қыз биргә ерди*  
*Ким анлар ‘ақлы йоқ оғланлар ерди*  
 Вместе с Ширин было много девушек,  
 Но они были глупыми детьми;

قری بولغای یاش اوغلان تورسا اون کون (20/53)  
*Қары болғай йаш оғлан турса он күн*  
 Станет старше маленький ребенок,  
 Если поживет и десять дней;

اشوقما اوغلان ارماسن صبر قیل (17/155)  
*Ашуқма, оғлан әрмәзсән сабр қыл*  
 Не торопись, не ребенок же ты, потерпи;



ياش اوغلان الدانورشكركا خوش ديل (10/155)

Йаш оғлан алданур шәкәргә, хош бил

Хорошо знай, что маленький ребенок поддается обману,

Если видит кусок сахара.

◇ **МК** при слове اغل *огул* говорит, что подобно тому, как неправильно образуется мн.ч. от слова ار *әр* ‘мужчина’ в виде ارن *әрән*, и в данном случае мн.ч. будет اغلان *оғлан*, вместо ожидаемого اغل لار *огул лар*. Однако оба эти слова употребляются в знач. ед. числа. При слове ارى *уры* он приводит сочетание ارى اوغلان (138/1) *уры оғлан* ‘мальчик’, далее с пометой «по-аргу» اوغلا *огла* в знач. ‘юноша’. По-видимому, к этому же корню восходит зафиксированное **МК** اوغلاغو *оглагу* ‘человек, выросший в довольстве’, اوغلاغاتون (138/1) *оглагу қатун* ‘госпожа’. Первонач. знач. слова اغل *огул* не ‘сын’, а ‘ребенок’ подтверждается и знач. слова اغلچق *огулчук*, которое у **МК** означает ‘матка’. **Тюрк. рун. пам.** *оғлан* ‘сын’, ‘ребенок’, ‘потомок’ (первоначально оно в тюрк. и монг. яз. было формой мн. ч.); *уры* ‘мальчик’, *урым* ‘мой сын’, от этой основы гл. *урылан* ‘родить мальчика’, *унжуйы урыланмыш* ‘жена его родила мальчика’; **Теф.** *оғлан* ‘дитя’, ‘ребенок’: *багланган оғлан* ‘запеленутый ребенок’, *оғланым* Фатыма ‘дочь моя Фатыма’ (речь идет о взрослой дочери пророка); **Алт.-Йар., Атеб., КБ, Рабг.** *огул* ‘ребенок’, в случае необходимого различия по полу *уры огул* ‘мальчик’, *қыз огул* ‘девочка’; **Абу-Х.** *оғлан* ‘юноша’, ‘ребенок’; **Мук.-ад.** *оғлан* ‘сын’, ‘ребенок’, *йетилгән оғлан* ‘подросток’, *огул* ‘сын’, *огулсыз* ‘бездетный’, *оғлан турар йер* ‘послед’, *оғланлар* ‘дети’, *огул оғланлары* ‘сыновья сына’; в Золотой Орде *оғлан* ‘царевич’, ‘главнокомандующий’ (к этому же слову восходит русск. уланы).

**Совр. тур.** *oğlan* ‘мальчик’, ‘малый’, ‘слуга’; **аз.** *оғлан* ‘мальчик’, ‘подросток’, *оғлан қыз* ‘гермафродит’, *оғлан учағы* ‘мальчик’; узб. уст., книжн. ‘молодой воин’, ‘сын’. См. еще اوغول *ОҒУЛ*.

Жоғарыда келтірілген үзінді мысалдардан байқалып отырғандай, ғалым атау сөздерді бастапқы түпнұсқа тұлғасында, араб графикасымен береді. Содан кейін сөздің орыс графикасындағы транскрипциясы келтіріледі.

Ғалым жоғарыда «оғлан» сөзіне қатысты келтірілген сөздік мақаланың басында аталмыш сөздің бір-біріне жақын, бір-бірімен ұялас үш мағынасын береді. «Бозбала», «ұл бала», «бала». Одан кейінгі жердегі мысал ретінде ұсынылған алғашқы үзіндіде «ақылы жоқ балалар» яғни ақыл-ойы әлі жетілмеген, кәмелетке толмаған жас балалар (жас қыздар) туралы сөз болады: «Шырынменен бірнеше қыз бірге еді, Кім десеңіз оларды, Толыспаған ақылы балалар-ды». Екінші үзіндіде («Кәрі болар жас ұлан, тұрса он күн») жарық дүниеге келгеніне жаңа ғана он күн толған жас сәби туралы айтылады. Туғанына аз ғана уақыт (он күн) болса да, сәбидің біраз ширеңгеп, өмір тәжірибесін алатындығы, есейе бастайтындығы туралы айтылып отыр. Үшінші үзінді («Асықпа, бала емессің, сабыр қылғын») бозбала жасындағы Хұсрауға арналса, төртінші мысалда ойын баласының тәттіге алданатыны жайында сөз болады. Бұл мысалдарда жалпы бала атаулының сәби кезі, ойнақ салып жүрген ұл балалар, балиғат жасына жетпеген, әлі жас қыз балалар,

ер баланың бозбала кезеңі – жалпы балаға қатысты кезеңдердің бәрі тегіс қамтылып отыр. Яғни, атау сөзге берілген анықтамадағы мағыналар бір ғана шығарманың, «Хұсрау-Шырын» дастанының мысалдары негізінде жан-жақты, толық ашылып отыр.

Ғалым бұдан кейін атау сөз ретінде алынып отырған сөз тұлғасының орта ғасырдың бұрынғы кезеңдерінде жазылған шығармалардағы, сол ескерткішпен замандас, дәуірлес ескерткіштердегі, сондай-ақ ескерткіш жазылған заманнан кейінгі дәуірлерде жазылған жәдігерліктердегі қолданымына тоқталады.

Тарихи салыстырма Махмұт Қашғари сөздігінен басталады. Ғалым Қашқарлық Махмұттың өз сөздігінде «ер» сөзінің көпшесі «ерлер» болмай, «ерен» болғаны тәрізді, бала мағынасындағы «оғул» сөзінің де көпше түрі «оғулар» болмай, «оғлан» тұлғасында берілетінін жазғанын айтады. Ортағасырлық ғалым, дей тұрғанмен, ол сөздердің негізінен жекешеді қолданым тауып отырғандығын ескертеді. Дегенмен Қашқарлық Махмұт **«оғлан» сөзінде әуел бастан көптік, топтық мән болғанын айғақтап отыр.** Бұл жердегі ерекше маңызды жайт осынада болып отыр. Бұдан әрі Қашқарлық ғалым «оғлан» сөзінің түркі тілдеріндегі жергілікті қолданымдарына тоқталып, ‘ұл бала’ мәніндегі «уры оғлан», ‘бозбала’ мәніндегі «оғла» (арғу тілінде) мысалдарын келтіреді. Профессор Ә.Нәжіп ортағасырлық Қашқардан шыққан ұлы лексикограф ғалымның еңбегіндегі «оғлан» сөзіне қатысты маңызды деректер шеңберін толық қамти келіп, «оғыл» сөзінің әуел бастағы мағынасының ‘ұл емес, ‘бала’ болғандығына нақты дәлел табады. Ол сөз – *اغلق* *оғулчуқ* тұлғасында берілген «жатыр» сөзі еді. Бұл, әрине, бұлжытпайтын, анық, дәлелдік күші ерекше мысал болып табылады. Осындай жүйелі түрде берілген, концептуалдық тұрғыдан дәлелдік күші мол мысалдардың болуына байланысты ғалым Қашқарлық Махмұт сөздігін ең алдымен ұсынады.

Келесі кезекте «оғлан» сөзінің сонау ежелгі, көне түркі заманындағы жазбалардағы ‘ұл бала’, ‘бала’, ‘үрім бұтақ’ мәндеріндегі ұшырасымдары, «Хұсрау-Шырын» заманынан бұрын хатқа түскен «Алтын Йаруқ», «Құтадғу білік» тәрізді шығармалардан бастау алатын, одан бергі, «Хұсрау-Шырын» дастанымен замандас «Тәпсір»-ден, оның айналасындағы атаулы-атаулы ескерткіштердегі ‘сәби’, ‘бала’, ‘перзент’, ‘бозбала’, ‘ханзада’, ‘әскербасы’ мәндеріндегі ұшырасымдары келтіріледі. Ғалым «оғлан» сөзін жалғыз келтірмей, онымен өзектес, қанаттас «оғыл» сөзінің де мән-мағынасын ашып, оның да деривативтерін түгел келтіріп отырады. Салыстырма материалдың соңында «оғлан» сөзін қазіргі заманға жататын түрік тіліндегі ‘ер бала’, ‘қосшы бала’, әзербайжан тіліндегі ‘ер бала’, ‘бозбала’, т.б. мәндері, өзбек тіліндегі ‘жас ұлан’, ‘ұл бала’ мәндері ашылады. Сөз соңында «тағы «оғыл» сөзін қараңыз» деп сілтеме жасайды.

### Нәтижелер

Автордың өз тарихи сөздіктерінде қолданып отырған тарихи-салыстырмалы зерттеуінің қыр-сырын аша түсу үшін ғалымның «Тюркоязычный памятник XIV-го века атты еңбегінен (Наджип, 2012) үзінді келтірелік:

**140. ايلك I елг «рука».**

سول ايلكينك كچيك برماقى 77/17

Сол елгиң кичиг бәрмақы «мизинец левой руки»; 97/15 قراوش لار كافرلار ايلكيندا اردى  
кәраваш лар кафирләәр елгиндә әрди «рабыни находились в руках неверных».

◇ В др.уйг.пам. өтрү елигләрин өрү көтүрүп «затем подняв вверх руки»; МК, I/72  
اونك اوك اوڭ алиг «правая рука», سول الك сол алиг «левая рука»

автор отмечает, что огузы правую руку называют

ساغ الك ساغ алиг

ای تلون بلسا الكن املا ماس I/82

аай толун болса әлгин имламас «когда луна полная, нет необходимости рукой  
показывать I/253 يقادقى يلغاغالى الكداكى اجغونور

йақадақы йалғағалыәлигдәги ычғынур «пока обличишь то, что на воротнике,  
ускользнет то, что в руке»; I/410 قاغون قرما بلسا اذيسى اكي الكن تكير

Қағун қарма болса изиси ики әлгин тагир «когда дыню крадут, то ее хозяин обеими  
руками держится за нее»; I/448 كزاکو ازون بولسا الك كيماس

кұзағұ узун болса әлиг күймас «если кочерга длинная, то рука не обжигается».

تدو غجى بيلا بکلار ايلكى اوزار

ككب 169/13 تدو غجى بيلا ار كليك ايل كذد توزار

Тапуғчы билә бәгләр елги узар

Тапуғчы билә арклиг ел-канд тўзәр

«Беки преобретают власть при помощи подчиненных

При помощи подчиненных быстро преобразуют страну»;

ايليك اوردى ايليك مينى ادلادى

ككب, 89/3 بولو بردى اشران ازوم يوقلادى

Елиг урды, елиг мени әдләды

Бөлү берди әўран, өзүм йоқлады

«Правитель протянул мне руку и оказал мне внимание,

Судьба улыбнулась и меня возвысила»;

А.Ес, 87а/6 جندهلرى ايكنينده عصالرى ايلكنده

Жундәлари егниндә, ‘әсалары елгинда

«Одежды на его плечах, посох в руке»;

А.Ес, 46 غريب باشيم نفس ايلكيدىن

Ғариб башым нафас елгидин кутулмады

«Несчастливая моя голова не избавилась от влияния страсти»;

Атеб. Ел и елиг // алиг:

ايليك لاردا قوتلوغ بريكللى اليك

Атеб.142/3 اليك بىر مكان ال ايلينك قوت سوزى

Елиг лардә қутлуғ бәригли әлиг

Алып бермаған ел елиң қут сузы

«Счастливая из рук дающая рука

Взяв, не дающая рука, несчастная из рук»;

بليك بيلمك دين بيرانجا بودون

Атеб. 130/1 اوزايلكين بوت ايديب ايديم بوديدي

Билиг билмәмәк дин бир анча бодун

Оз елгин бут етип, идим бу деди

«Из-за невежества многие народы

Своими руками сделав идола, говорили это мой бог»;

اژون كول جيران بازالين قاش جيتار

Атеб., 137/9 بيرايلكين توتوب شهد بيرى زهارقتار

Ажун гулчирәр, баз алын қаш чытар

Бир елгин тутуп шахд, бири захар қатар

«Мир улыбается затем снова хитроумно супит брови,

Одной рукой предлагая мед, другой смешивает яд»;

كند اليلة يوسفك باشين بودى

Кәнд әлила Иусифин башын йуды

«Своими руками она мыла голову Иосифа»;

كЮ, 66/7 سز ننگ برار النكزى كسى سرمن

Сәлиңизи кәсисәрман изниң бирар

«Отрублю вам одну из рук»;

كЮ, 21/3 فل حل ايچره ال قالدروب دعا قيلدى

Фил-хал ичрә ал қалдыруп ду ā қылды

«Тотчас же внутри, подняв руки молился»;

Сир.К., 86 جملسى اليك لارين كوتوروب تورولار

Жұмласи әлигләрин кәтүурұп турурлар

«Все стоят с поднятыми руками»;

Сир.К., 5a بير الىكى مشرقا يتى بيرايلىكى مغربقا يتى

Бир елиги машриққа йәтти, бир елиги мағрибқа йәтти

«Одна его рука достигла до востока, а другая рука достигла до запада»;

Ибн-М., АЗ, Кав., Абу-Х. Елг, елиг, ел, қол; XIII جاندين ايل يو «откажись от жизни»; XIII, 167/17 اه تيب باردى ايلدين «глубоко вздохнул он и потерял сознание»;

XIII, 123/18 اولاشى عشق ايليندين قيلدى زارى

Улашы ‘ышқ елиндин қылды зары

«Он жаловался на постоянные муки любви»;

XIII, 17/8 تىلاك ايلكى اوميدج ياسينى قوردى

Тилак елги умынж йасыны курды

«Руки желания натянули лук надежды»;

XIII, 110/5 اولتوركاى من ايلينك دين اوزومنى

Олтұрғаймән елгин дин өзүмни

«Из-за твоих мук покончу я с собой»;

XIII, 28/20 مدد قيل بير ايليك توت  
 Mādād qyl bir elig tut  
 «Помоги хоть раз и протяни руку помощи»;  
 CC, 201 تيلاسانك تينينداكى جانين بيركاي دغى ايلينداكى اتماكين بيرمكاي  
 Tilāsāñ tānindağı janyñ bergay daғы, elindağı ātmağın bermāğay  
 «Если попросишь, то даст душу, находящуюся в теле, но не даст куска хлеба,  
 находящегося в руке»;  
 CC, 187 ايلى الاغى كيسلکان کيم ارسا  
 Eli-aiyaғы kesilgān kim ersā  
 «Некто с отрубленными руками и ногами»;  
 CC, 64 كيمكا قىلايم سنيك ايلينكدين فریاد  
 Kimgā qylayım sāniñ eliñdin fārīad  
 «Кому жаловаться мне на тебя за твои терзания»;  
 MN также ел и елиг:  
 عمر محنت بيله پايانه كىلدى  
 MN, 360 كونكول جورونك ايليندين جانہ كىلدى  
 ‘Умр мехнāt билā пайанā келди  
 Kōñул жаврўң елиндин жана келди  
 «Страдальческая жизнь пришла к концу  
 Сердце из-за твоих мук подошло к душе»;  
 سنكا تا بولدوم اى جان اشنا مين  
 MN, 364 جفانك ايلكيندين اسرومبتلا مين  
 Saңa ta boldum, ei jаn, ashna men  
 Jāfañ elginдин asru mўbtāla min  
 «С тех пор как подружился с тобой, о душа,  
 Очень страдаю я из-за твоих терзаний»;  
 Рабг., 51a انينك ايلكى اның елги его рука  
 Рабг., 1256 بيز نينك ايلكيميز اوستون بولغاي  
 Bizniñ elgimiz ustun bolğay «победим мы»; Рабг., 16 ايلكينكى بشيغا سيفاغيل  
 Elgiñni bashyға sifaғыл  
 «Погладь его рукой по голове»;  
 Теф., 74 āл, āлиг: бағлады āлин, аяқын «привязал он его руки и ноги»; āлин, йузин  
 йумағыча 74 «пока он не умоет свои руки и лицо»; sāniñ ики алғиң 75 «твои две руки»;  
 ол на турур оң алғиңдаки тутарсан 75 «что это, ты держишь в правой руке»; ШС ايليك  
 елиг Аб,70 كونكلاك سيز بدن بينك سيز ايليك  
 Kōñlāk siz badān, ieñ siz elig «тело без рубахи, рука без рукава»; 71 ايليك لاي  
 лай и 71 ايليك لاب елиг лап «руками, поймав»; Бад. Л аилек елиг М.-ад. елиг бирла «рукой»  
 بيرلا ايليك



В совр. Тур. Ел; аз., турк. Ал и гол; хорезм. Диал.узб.яз. ал; полная форма алиг-елик в современном языке не сохранилась; в остальных, включая зап.-сиб., қол с фонетическими вариантами.

Ғалым бір ғана «елік» сөзінің талқыланып, зерделенуі үшін осынша қомақты зерттеу жүргізіп отыр. Бұл зерттеу еңбегінде де профессор Ә.Нәжіп, жоғарыда сөз болғандай, зор салыстырмалы-тарихи деңгейде жұмыс жүргізеді. Бір айырмасы, «Хұсрау-Шырын» поэмасы «XIV ғасырдағы түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігі» деп аталатын, аса ірі кеңістік пен уақытты, түркі тайпаларының мың жылдан астам кезең аралығында жазылған материалдарын қамтитын еңбекке негіз ретінде алынып отырғандықтан, оның ауқымы анағұрлым кең болғандығын айту қажет. Сол себепті де бұл жұмыста жәдігерліктердің бір-біріне жақын-жуық белгілі бір тобындағы сөздік материалды көптеп келтіріп, шиырлай зерттеу басты мақсат болмаған.

«Нахдж ал-Фарадис» еңбегінің тілін зерттеуге арналған жұмыста автор әрбір сөздік мақалада келтіріліп отырған сөзге (біздің мысалымызда қазіргі қазақ тілінде «қол» мағынасында қолданылатын «еліг» сөзіне) ерекше жіті назар аударып, ол сөздің осы шығармаға уақыт жағынан бір-біріне үркердің шоғырындай өте жақын орналасқан жәдігерліктердің бәріндегі берілісімен толықтай салыстыра отырып, кеңінен сөз етуді мақсат еткен. Мәселен, Ясауидің «Хикметтерінен», Югнекиден, «Хұсрау-Шырыннан», «Мұхаббат-наме» еңбектерінен мысалдардың көп келтірілуі, әралуан тілдік мәнмәтіндердің (контекстердің) молынан қамтылуы соны меңзейді.

### Қорытынды

«Хұсрау-Шырын» поэмасы негізінде жазылған «XIV ғасырдағы түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігі» атты еңбек тарихи лексикография саласындағы заманауи зерттеудің әдіс-тәсілдері мен озық ғылыми-теориялық ізденістерін қолдана отырып жасалған туынды болып табылады. Бес ғасырлық уақыт пен кеңістікті қамтитын үлкен дәуір ішінде әралуан мәдени ортада түзілген шығармалар тілін тарихи-салыстырмалы, тарихи-лексикографиялық тұрғылардан зерделеу барысында сөздіктің кеңес одағындағы түркітану ғылымының өскен өресін, жеткен жетістігін паш ететін ғылыми туынды болып табылатындығы айқындалып отыр. Ғалымның тарихи лексикографиялық еңбегін талдау барысында, біріншіден, үлкен ғалымның, кәсіби маманның қаламынан шыққан тарихи-салыстырмалы сөздіктердің түркі тілдерінің тарихымен айналысатын ғалымдардың әрқилы ізденістері үшін таптырмайтын, ешқашан ескірмейтін **ғылыми зерттеу туындысы** болып табылатындығы анықталып отыр. Екіншіден, бұл сөздік түркітаным саласында жұмыс жасайтын жас зерттеушілер үшін аса маңызды **ғылыми дереккөз** екендігі белгілі болды.

### Әдебиет

Зайончковский А.К., 1967. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI вв.) // Вопросы языкознания, №6. С. 10-14.

Ибатов А., 1974. Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. Алматы: «Ғылым» баспасы. 278 б.

Малбақұлы М., 2015. Сөздік және сөзтаным мәселелері. Алматы. 316 б.

Наджи́п Э.Н., 1979. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. М. 480 с.

Наджи́п Э.Н., 2012. Тюркоязычный памятник XIV-го века «Нахдж ал-Фарадис» и его язык. Туркестан. 448 с.

Сабыр М.Б., 2004. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). Алматы: Қазақ университеті. 315 б.

Тенишев Э.Р., 1970. Место кыпчакского (половецкого, куманского) и печенежского языков среди современных тюркских языков // Известия АН КазССР. Серия общественная. №5. С. 78-81.

Tuna O.N., 1989. Sümer – Türk Dillerinin Tarihi İlgisi ve Türk Dilinin Yaşı meselesi. Elazığ. S. 257-293.

Zajaczkowski A.K., 1954. Zabytek jezykowy ze Zlotej Ordy «Husrev u Sirin» Qutba. Warszawa. P. 45-123.

Zajaczkowski A.K., 1958. Najstarsza wersja turecka «Husrav u Sirin» Qutba. Cz.I – Tekst. Warszawa; Cz.II. Facsimile. Warszawa. 304 p.

Zajaczkowski A.K., 1961. Najstarsza wersja turecka «Husrav u Sirin» Qutba. Cz.III. Słownik. Warszawa. 322 p.

### Reference

Zajonchkovskij A.K., 1967. K izucheniju srednevekovyh pamjatnikov tjurkskoj pis'mennosti (XI-XVI vv.) [Towards the study of medieval monuments of Turkic writing (XI-XVI centuries)]. Voprosy jazykoznanija. №6. P. 10-14. [in Russian].

İbatov A., 1974. Qutbtyñ «Husrav u Şırın» poemasyñyñ sözdıǵı [Dictionary of Qutb's poem «Khusrav u Şırın»]. Almaty: «Ǵylym» baspasy. 278 p. [in Kazakh].

Malbaqūly M., 2015. Sözdik jäne söztanym mäseleleri [Problems of vocabulary and vocabulary]. Almaty. 316 p. [in Kazakh].

Nadzhip E.N., 1979. Istoriko-sravnitel'nyj slovar' tjurkskih jazykov XIV veka [Historical and comparative dictionary of Turkic languages of the XIV century]. Moscow. 480 p. [in Russian].

Nadzhip E.N., 2012. Tjurkojazychnyj pamjatnik XIV-go veka «Nahdzh al-Faradis» i ego jazyk [The 14th-century Turkic-speaking monument «Nahj al-Faradis» and its language]. Turkestan. 448 p. [in Russian].

Sabyr M.B., 2004. Oрта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде) [Continuity of the vocabulary of the middle Turkic language and the vocabulary of the Kazakh language (based on Written monuments of the XIV century)]. Almaty: Qazaq universiteti. 315 p. [in Kazakh].

Tenishev E.R., 1970. Mesto kypchakskogo (poloveckogo, kumanskogo) i pechenezhskogo jazykov sredi sovremennyh tjurkskih jazykov [The place of Kipchak (Polovtsian, Cuman) and Pecheneg languages among modern Turkic languages]. Izvestija AN KazSSR. Serija obshhestvennaja, №5. P. 78-81. [in Russian].

Tuna O.N., 1989. Sümer – Türk Dillerinin Tarihi İlgisi ve Türk Dilinin Yaşı meselesi [The issue of the Historical Interest of the Sumerian – Turkic Languages and the Age of the Turkic Language.] Elazığ. P. 257-293. [in Turkish].

Zajaczkowski A.K., 1954. Zabytek jezykowy ze Zlotej Ordy «Husrev u Sirin» Qutba [Language monument of the Golden Horde «Husrev u Sirin» Qutba. Warsaw]. Warszawa. P. 45-123. [in Polish].

Zajaczkowski A.K., 1958. Najstarsza wersja turecka «Husrav u Sirin» Qutba. [The oldest Turkish version of «Husrav u Sirin» Qutba.] Cz.I. Tekst, Warszawa, 1958. Cz.II. Facsimile, Warszawa. 304 p. [in Polish].

Zajaczkowski A.K., 1961. Najstarsza wersja turecka «Husrav u Sirin» Qutba. [The oldest Turkish version of «Husrav u Sirin» Qutba]. Cz.III. Słownik, Warszawa. 322 p. [in Polish].

**M. Malbakuly<sup>a</sup>**

*<sup>a</sup>A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: myrzabergen@mail.ru)*

**\*A. Seitbekova<sup>b</sup>**

*<sup>b</sup>A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: ainurseit@mail.ru)*

*\*Corresponding author: ainurseit@mail.ru*

### **On the historical-lexicographic value of the medieval dictionary within the context of «Khosrow ua Shirin»**

**Abstract.** The article analyzes the «Historical-comparative dictionary of Turkic languages of the 14th century: based on materials from the «Khosrow ua Shirin» Kutba, written in 1979 by the renowned Soviet Turkologist E. Najip. To compile the dictionary, materials from other Kipchak monuments of the Golden Horde era were also utilized, such as «Nakhj al-Faradis» and «Muhabbat-name» of Khorezm. According to the authors, access to extensive collections of Eastern manuscripts and daily meticulous work with these manuscripts reveal the multifaceted capabilities of the scholar and contributed to the creation of a unique historical-comparative dictionary of the Oghuz-Kipchak languages. Utilizing the comparative-historical method, E. Najip identifies common lexical-grammatical units of Turkic languages, revealing the commonality between Old Kipchak and modern Kipchak languages (such as Kazakh, Karakalpak, Nogai, and others). In this context, the dictionary provides anthroponyms, ethnonyms, toponyms, words from other thematic groups, as well as their word forms, phrases and derivatives.

The authors of the article believe that the historical-comparative dictionary of Turkic languages, based on the monument «Khosrow ua Shirin» represents the historical lexicography of Turkic languages, including the Kipchak languages, notably the Kazakh language.

**Keywords:** Turkic lexicography, Kazakh lexicography, historical-comparative dictionary, diachronic research, synchronic research, written monument, lexicon.

М. Малбақұлы<sup>а</sup>

<sup>а</sup>Институт языкознания имени А.Байтурсынулы, Алматы, Республика Казахстан  
(E-mail: myrzabergen@mail.ru).

\*А. Сейтбекова<sup>б</sup>

<sup>б</sup>Институт языкознания имени А.Байтурсынулы, Алматы, Республика Казахстан  
(E-mail: ainurseit@mail.ru)

\*Автор для корреспонденции: ainurseit@mail.ru

### Об историко-лексикографической ценности средневекового словаря на материале «Хусрау уа Шырын»

**Аннотация.** В статье анализируется «Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века: на материале Хосрау и Ширин Кутба», написанный в 1979 г. известным советским тюркологом Э. Наджилом. Для создания словаря, по признанию самого ученого, привлекались также материалы других кыпчакских памятников Золотоордынской эпохи: «Нахдж ал-Фарадис» и «Мухаббат-наме» Хорезми. В качестве подтверждения сказанного в статье даются фрагменты текста из «Нахдж ал-Фарадис». Авторы статьи считают Э. Наджила знатоком восточной древности, отмечают его глубокие историко-культурные знания, богатство научно-практического опыта, умение читать тексты памятников в оригинале, знание иранских и тюркских языков. По мнению авторов, доступ к обширным фондам восточных рукописей, ежедневная кропотливая работа с этими рукописями раскрывают многогранные возможности ученого и способствовали созданию уникального историко-сравнительного словаря огузо-кыпчакских языков, которые исторически находились в ареально-культурном и языковом контактах. Используя сравнительно-исторический метод, Э.Наджило определяет общие лексико-грамматические единицы тюркских языков, раскрывает общность старокыпчакских и современных кыпчакских языков (казахского, каракалпакского, ногайского и других). В данном контексте в словаре даются антропонимы, этнонимы, топонимы, слова других тематических групп, а также их словоформы, словосочетания и производные дериваты. Важным также является семантический анализ лексем, классификация их на семантические группы.

Авторы статьи считают: историко-сравнительный словарь тюркских языков, созданный на базе памятника «Хусрау уа Шырын», представляет собой историческую лексикографию тюркских языков, кыпчакских языков, в т.ч. казахского языка.

**Ключевые слова:** тюркская лексикография, казахская лексикография, историко-сравнительный словарь, диахронное исследование, синхронное исследование, письменный памятник, лексика.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Малбақұлы Мырзаберген, филология ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Құрманғазы көш., 25, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8485-0544>

Scopus ID: 56195379100

Сейтбекова Айнұр, филология ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Құрманғазы көш., 25, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

Scopus ID: 57205545950

**Information about authors:**

Malbakuly Myrzabergen, Doctor of Philology, Chief Researcher, A.Baitursynuly Institute of Linguistics, 25 Kurmangazy Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8485-0544>

Scopus ID: 56195379100

Seitbekova Ainur, Candidate of Philology, Leading Researcher, A.Baitursynuly Institute of Linguistics, 25 Kurmangazy Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

Scopus ID: 57205545950

**Сведения об авторах:**

Малбақұлы Мырзаберген, доктор филологических наук, главный научный сотрудник, Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы, ул. Курманғазы, 25, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8485-0544>

Scopus ID: 56195379100

Сейтбекова Айнұр, кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник, Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы, ул. Курманғазы, 25, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

Scopus ID: 57205545950